

"1999–2015 жылдарға арналған "Таза ауа - Жанға дауа" Алматы қаласының экологиялық ахуалын сауықтырудың кешенді бағдарламасын бекіту туралы" I-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1999 жылғы 14 мамырдағы XXV-сессиясының шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі II сайланған XV сессиясының 2002 жылғы 23 қаңтардағы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 22 ақпанда N 436 тіркелді. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының VI сессиясының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 56 шешімімен

Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының VI сессиясының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 56 шешімімен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148_ 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-II-ҚРЗ Қазақстан Республикасы заңының 6 бабы 1 тармағының 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасындағы бағдарламаларды әзірлеу тәртібін бекіту туралы" P000789_ 2000 жылғы 25 мамырдағы N№789, "Аймақтық қаржы орталығы ретінде Алматы қаласын дамыту тұжырымдамасы туралы" P011014_ 2001 жылғы 27 шілдедегі қаулыларына, II-ші сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2001 жылғы 26 қыркүйектегі "1999-2015 жылдарға арналған "Таза ауа - Жанға дауа" Алматы қаласының экологиялық ахуалын сауықтырудың кешенді бағдарламасының орындалу барысы туралы" шешіміне сәйкес II-ші сайланған Алматы қалалық Мәслихаты шешім қабылдады:

1. "1999-2015 жылдарға арналған "Таза ауа - Жанға дауа" Алматы қаласының экологиялық ахуалын сауықтырудың кешенді бағдарламасын бекіту туралы" V99R057_ II-ші сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1999 жылғы 14 мамырдағы XXV-ші сессиясының шешіміне өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н .

2. Қала, аудандар әкімдері, Алматы қалалық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ететін шаралар қабылдасын, межеленген шаралардың жүзеге асыру барысын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттайтын болсын.

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалау экология және төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (В.Е.Бөлекбаев) және

Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.Қ.Бижановқа жүктелсін.

II-ші сайланған
Алматы қалалық Мәслихаты
XV-ші сессиясының төрағасы

II-ші сайланған
Алматы қалалық Мәслихаты
хатшысы

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының 2002 жылғы
23 қаңтардағы
XV-сессиясы шешіміне
қосымша

"ТАЗА АУА - ЖАНҒА ДАУА"

1999-2015 жылдарға арналған Алматы қаласының

экологиялық ахуалын сауықтырудың кешенді бағдарламасы
(өзгерістермен және толықтырулармен)
Алматы қаласы, 2002 жыл

1. "Таза ауа - жанға дауа"

1999-2015 жылдарға арналған Алматы қаласының
экологиялық ахуалын сауықтырудың кешенді бағдарламасының
ПАСПОРТЫ

1. Бағдарламаның атауы !"Таза ауа - жанға дауа" 1999-2015 жылдарға
!арналған Алматы қаласының экологиялық ахуалын
!сауықтырудың кешенді бағдарламасы

2. Бағдарламаның мәртебесі !Аймақтық, ұзақ мерзімді, экологиялық

3. Бағдарламаның бекітілген!I-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының
күні !14.05.1999 ж. XXV-сессиясының шешімі

4. Мемлекеттік тапсырысшы !Алматы қаласының әкімі

5. Бағдарламаның негізгі !Алматы қалалық аумақтық қоршаған ортаны
әзірлеушілері !қорғау басқармасы, "Алматы экоқұрылыс" МҚК
!қалалық мекемелермен, кәсіпорындармен және
!ұйымдармен бірге

6. Бағдарламаның басты !Алматы қаласының қоршаған ортасы мен
мақсаты !экологиясын жақсарту, табиғи кешендердің
!тозуын болдырмау және қалпына келтіру;
!халықтың денсаулығын нығайту, қаланың
!экологиялық және әлеуметтік-экономикалық
!мұқтажын үйлесімді қамсыздандыру

7. Бағдарламаның міндеттері!Алматының әуе кеңестігіне шығатын зиянды
!қалдықты қысқарту; экологиялық шиеленісті
!бәсеңдетуге, жер ресурстарын тиімді
!пайдалануға бағытталған Алматы қаласының
!инфрақұрылымы мен көріктендірілуін жетілдіру;
!су ресурстарын, су көздерін ластанудан
!қорғау мен сақтау, ауыз суының сапасын
!көтеру; табиғаттың жағдайын жақсарту, жасыл
!желекті жандандыру; халықтың денсаулығын
!жан-жақты қорғау, өмірінің жайлылығын арттыру

8. Бағдарламаны іске асыру !1999-2015 ж.ж.
мерзімі !

9. Бағдарламаны іске !әрбір 2 жылда
асырудың аралық !
кезеңдері (орындалуын !
бақылау, түзету енгізу) !

10. Алғашқы түзету енгізу !1999 ж. қорытындысы бойынша - 2001 ж.
мерзімі Бағдарламаға !бірінші жарты жылдығы
түзету енгізу туралы !II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты
шешім қабылданған күн !26.09.2001 ж. XII-сессиясының шешімі
Бағдарламаға түзету !
енгізу туралы шешім !
қабылданған күн !

11. Бағдарлама шаралары !Бағдарлама шаралары мына негізгі бағыттарды
жоспарының негізгі !қамтиды:
бөлімдерінің тізбесі !
(түзетумен қоса) !

!I. Атмосфералық ауаны қорғау (автокөлік, жылу
!энергетикасы, өнеркәсіп кәсіпорындары
!II. Қалдықтарды ұқсату
!III. Ауыз суы қорлары мен су көздерін қорғау
!IV. Қала құрылысы (қала құрылысы, көгалдандыру,
!ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА)
!V. Экологиялық кәсіпкерлікті дамытуды
!экономикалық ынталандыру
!VI. Мониторинг, кадастрлар
!VII. Экологиялық ағарту мен білім

12. Бағдарлама шараларын !Алматының кәсіпорындары мен ұйымдары,
орындаушылар !Алматының мемлекеттік басқару органдары,
!АҚАҚОҚБ (шаралар жоспарына сәйкес)

13. Бағдарламаның !Алматы әкімияты, АҚАҚОҚБ, Бағдарламаның
үйлестірушілері !үйлестіру кеңесі

14. Қаржыландыру көздері мен!Республикалық бюджет - 1309,3;
2002-2003 жылдардағы !Қалалық бюджет - 5837,8;
қаржыландырудың !Инвестициялық қаражат - 40769,2;
болжамдық көлемі (млн. !Кәсіпорындардың жеке қаражаты мен бюджеттен
теңге) !тыс қаражат - 1347,7.
!Жиыны: - 49264,0

15. Бағдарламадан күтілетін !Ауа кеңістігін сауықтыру;
түпкі нәтижелер !Ауыз суы сапасын жақсарту;
!Өндіріс қалдықтарын жинау, ұқсату, көму және
!тұтыну жүйесін жетілдіру;
!Қала жасыл желігін сақтау, қалпына келтіру
!және көбейту;
!ЕҚТА құру;
!Қоршаған ортаның күйі мен оның халық

!денсаулығына ықпалының деңгейін бақылаудың
!ақпараттық-өлшеу жүйесін жаңарту;
!Табиғатты пайдаланудың экологиялық тегершігін
!дамыту;
!Халықтың экологиялық сауатын арттыру.

16. Бағдарламаны іске !Бағдарламаның іске асыру барысына тұрақты асыруды бақылау жүйесі !бақылауды Алматы әкімияты мен АҚАҚОҚБ, ал
- !әрбір нақты шараны бақылауды шаралар
 - !жоспарында белгіленген мемлекеттік басқару
 - !органдары мен ұйымдар жүргізеді.
 - !Бағдарламаның ортақ басқарушысы және
 - !бақылаушысы ретінде Алматы әкімияты жанынан
 - !Бағдарламаның үйлестіру кеңесі құрылады.
 - !Бақылау тегершігі мынаны қамтиды:
 - !1. Үйлестірушілер алдында Бағдарлама шараларын
 - !атқарушылардың белгіленген тәртіппен тоқсан
 - !сайынғы есебі.
 - !2. Есеп мәліметтерін тоқсан сайын талдау және
 - !үйлестіру кеңесінің мәжілісінде Бағдарламаны
 - !іске асыру мәселелерін қарау.
 - !3. Алматы қаласының әкімі мен қалалық
 - !мәслихатқа әрбір жарты жыл қорытындысы
 - !бойынша Бағдарламаның орындалуы туралы
 - !ақпарат тапсыру.
 - !4. Шаралардың орындалу тиімділігінің
 - !экологиялық-экономикалық бағалануын жыл сайын
 - !жүргізу
 - !5. Бағдарламаға түзету енгізу - әрбір екі
 - !жыл сайын.
-

17. Бағдарламаның құрылымы !1. Бағдарлама паспорты
- !2. Кіріспе
 - !3. Мәселенің қазіргі кейін талдау
 - !4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеті
 - !5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске
 - ! асыру механизмі
 - !6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру
 - ! көздері

!7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін

! нәтиже

!8. Бағдарламаны іске асыру бойынша

! шаралардың жоспары, қосымшаларымен бірге.

2. Кіріспе

Халқы бір жарым миллионнан астам Алматы қаласы Қазақстанның ең ірі шаһарлы орталығы болып табылады. Алайда қаланы жеткілікті физика-географиялық және табиғи-климаттық ерекшеліктері мен экологиялық талаптарын жеткілікті ескермей дамыту мен индустрияландыру мегаполис аумағында экологиялық теңдіктің бұзылуына алып келді.

Ауа кеңістігінің төмен аэродинамикалық сипаттамасы, күрделі жер бедері, пәрменді, алайда құрылысты бей-берекет салу және басқа да жағдайлар оның ауа кеңістігінің экологиялық сиымдылығын төмендетеді. Қаланың желдетілмейтін тау бөктеріндегі шұңқырға орналасуы жағымсыз рөл атқарады. Желдің барлық бағыттарында қала "аэродинамикалық көлеңке" дейтінге тап болады. Жыл бойында толық штильді күндердің 80% асуы байқалады, штиль жазда 45% қыста 77% қайталады. Қысқы кезеңде қала аумағында қуатты және жалғасымды температура инверсиясы пайда болады. Тұманның пайда болуы атмосферадағы ауа қуатының тіктей ауысуына кедергі келтіреді. Климаттық ерекшеліктер қалдықтың төменгі көздерінен қоспалардың таралуы үшін қолайсыз жағдай жасайды. Зиянды заттар атмосфераның жер үсті қабатына жинақталады және халықтың денсаулығы мен өсімдік жамылғысына теріс ықпал ететін құбылыстардың пайда болуына қатысады. Қала әуе кеңестігінің жағдайымен қатар біраз күрделі экологиялық мәселелер топырақ пен жер асты суының ластануына, қаланың сапалы ауыз суымен және су көзімен қамсыздандыруына, жасыл желектің сақталуы мен қалпына келтірілуіне, қала аумағының көріктендірілуі мен санитарлық күтілуіне байланысты.

Сондықтан экологияны жан-жақты жақсарту міндеті қала билігінің тұрақ назарында және соңғы жылдары ерекше маңыз бен нақты мәнге ие болды. Нақ осы тұрғыдан қала әкімі 1999-2015 жылдарға арналған Алматының экологиялық ахуалын сауықтырудың кешенді бағдарламасын әзірлеу туралы шешім қабылдады. Бұл бағдарлама "Таза ауа - Жанға дауа" (бұдан әрі ТАЖД) деп аталады. Бағдарлама I-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1999 жылғы 14 мамырдағы XII-сессиясының шешімімен бекітілді.

3. Мәселенің қазіргі күйін талдау

1999 жылы ТAJТ бағдарламасын қабылдауға мұрындық болған Алматының экологиялық ахуалын талдау Алматы қаласы атмосферасының кейінгі ластануының формальдегидтің, фенолдың және азот қостотығының үлкен мөлшерде жиналғандығын анықтады. 1990-1997 жылдары ауада формальдегидтің өсу деңгейінің 1999 жылы ШЖК-дан 2,7 пайыздан 6,3 пайызға дейін, 1996 жылы 6,3 пайызға және 1997 жылы 5 пайызға өскендігі байқалды. Фенолдың орта жылдық жинақталуы іс жүзінде өзгерген жоқ, 1,7 -2,0 ШЖК деңгейінде қалды. Азот қостотығының орта жылдық жиналымы 1991-1997 жылдары ШЖК-дан 1,5-2,0 есеге асты.

Осының барлығы халықтың денсаулығына, қаладағы демографиялық ахуалдың нашарлауы мен өлім-жітімнің көбеюіне әсер етті. Бала туудың (1988 жылы 1000 адамға шаққанда 17,5 пайыздан 1997 жылы 10,6 пайызға дейін) және өлімнің жалпы артуы (1000 адамға шаққанда 8 пайыздан 11,5 пайызға дейін) төмендеуі халықтың жалпы табиғи өсімінің 1998 жылғы 9,5 пайыздан 0,9 пайызға дейін төмендеуіне алып келді. Алматы қаласы халқының табиғи өсімінің коэффициенті республика облыстарының арасында 1995 жылдан бастап жағымсыз сипатта, яғни халық азайып келеді.

Халық өлімі себепкерінің құрылымында алғашқы орынды қан айналымы жүйесінің аурулары алып отыр, ал екінші орынды асқынған сипаттағы және оң сападағы жаңа сырқаттар, үшінші орынды жарақаттар мен уланулар емденуде. Қан айналымы жүйесінің сырқатынан өлімге ұшырау 1988 жылдан бастап 1,6 есеге, жаңа жұққан сырқаттардан 1,2 есеге, жарақаттар мен уланудан 2,1 есеге артты.

Алматы қаласының орташа ауруға шалдығуы 1988 жылдан бастап 1,3 есеге (1000 адамға шаққанда 1153,0 адамнан 1468,0 адамға дейін) өсті. Алғашқы сырқаттану 1,1 есеге өсті (725,0-ден 813,0-ке дейін).

Балалардағы тыныс алу органдарының бастапқы сырқаты 725,3-тен 810,3-ке (11,7%) дейін ересектерде 206,8-ден 229,1-ге (10,9%) дейін өсті. Алматы қаласы тыныс органдарының бастапқы сырқаттану деңгейі бойынша ел аймақтарының арасында алғашқы орындардың бірінде.

1998 жылдың алғашқы жарты жылдығында, 1997 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда қаладағы халықтың бастапқы сырқаттануының өсуі 1000 адамға шаққанда 400,5-тен 445,2-ге дейін өсті.

1 таблица

1992-1997 жылдардағы Алматы қаласы ауасы ластануы индексі (АЛИ) өзгерісінің динамикасы

Көрсеткіштер	!1992	!1993	!1994	!1995	!1996	!1997
АЛИ5	15,0	16,8	16,7	12,3	15,9	12,5
АЛИ5 факт	3,0	3,7	3,3	2,7	3,2	2,5
АЛИ5 норма						
Республика қалаларының арасындағы дәрежелік орын	2	2	2	2	2	4

Мәліметтердің ақпараттық базасының жетілмеуі, атмосфералық ауаның құрамы мен сапасына бақылау әдістері мен құралдарының ескіруі, атмосфералық ауаның ластануына мемлекеттік және ведомстволық нүктелердің қысқаруы, бақылау жүйесі мен мобильді жылжымалы мониторинг құралдарының жоқтығы 1998 жылғы наурыздан бастап қаладағы атмосфералық ауа ластануының бақылау жүйесінің тоқырауына алып келді. Осы уақыттан бастап "Қазгидромет" РМҚК құрылымдарының атмосфералық ауаның ластануын бақылауының тоқтауына ә к е п с о қ т ы р д ы .

Халқы 1 млн. астам және жер сілкінісі және сел қаупі жоғары ауданда орналасқан Алматы сияқты ірі қала үшін келісілген экономикалық және экологиялық саясатты жүргізу табиғи ортаның күйі туралы жеткілікті жедел ақпаратсыз мүмкін емес. Сондықтан қала қоршаған ортасының мониторингінің қазіргі жүйесін жетілдірудің объективті қажеттілігі туындап отыр.

Алматы қаласы әуе бассейнін негізгі ластаушысы автокөлік болып табылады, оның ластағыш заты жыл сайын өсуде. Егер 1991 жылы стационарлық ластану көздерінен (өнеркәсіптік) атмосфераға ортақ шығарылуы жылжымалы (автокөлік) көздерінен 37,2 мың тоннадан 144,2 мың тоннаны құраса, 1997 жылы қалдықтар тиісінше 16,3 мың тонна және 168,2 мың тоннаны құрады. Бұл жағдай көліктен зиянды қалдықтар шығуының есептемелік мәліметі, автотранспорт отынын пайдалану туралы нақты мәліметтің жоқтығынан төмендетілген болып табылады, сондықтан нақты мәліметті анықтау мүмкін емес.

Соңғы жылдары автокөлік құралдарының нысаны екі еседен аса өсті және 210 мың бірліктен асып отыр, оның үстіне қалада жүретін автокөлік құралдарының үлкен бөлігі ескірген болып табылады. Сонымен қатар ЖІП мәліметтері бойынша қалаға күн сайын зиянды қалдықтар ескерілмейтін 50 мың басқа қала көліктері кіреді.

Автокөлік тек шыққан газбен ғана емес, атмосфераға, сондай-ақ жану кезінде оттегіні жоюымен де зиян келтіреді.

Автомобильдердің улы газдарында 200-ге жуық химиялық қосынды, оның

ішінде ішінара әсер ететін көмір тотығы бар. Қала әуе бассейнінің негізгі ластануының себебі двигательдегі отынның толық жанбауына байланысты болып отыр. Жағылған газдың құрамы тек отын түрімен двигатель жүйесіне емес, сондай-ақ көп жағдайда жылжымалы автомобильдің техникалық күйіне байланысты.

Бейтараптандырғыш қондырғылармен және катализаторлармен жабдықталмаған, ескірген үлгідегі автомобильдерде каталиктік жану қондырғысын қатар енгізумен улы газдардағы зиянды қоспалар көлемін едәуір азайтуға мүмкін болып отыр.

Автомобильдің экологиялық қауіпсіздігі көлік ағынындағы автомобиль қозғалысының режиміне де байланысты. Алматы қаласында оның орталық бөлігінде тығыздық мөлшері өте үлкен, ол 4 км/км² құрайды, бұның өзі көлік қиылысындағы үлкен әбігершілікке алып келеді.

Жанар-жағар май (ЖЖМ) тиімді орналастыру мәселесі шешілмей қалып отыр. Қабылданған шешімдерге және ЖЖМ сапалы отындарын тасымалдау шараларына қарамастан, Алматы қаласының аумағында этиль бензинін жасырын тасымалдау әрекеттері орын алып отыр.

Автокөліктің зиянды қалдығын шығарудың сапалық өзгерісіне отынның мейлінше экологиялық қауіпсіз түрлеріне, атап айтқанда, газ тәріздес түріне көшу қажет. Жылу көздерінен шығатын қалдықтар мәселесі өткір тұр. Соңғы жылдары сапасы төмен қондырғылар және тиісті қалдықтарды шығаруға бақылау әлсіреді.

1991-1997 жж. стационарлық көздерден зиянды қалдықтардың шығуының төмендеуі 1997 жылдан 16,3 мың тоннадан (2,3 есеге) төмендеуі байқалды. 1998 жылдың бірінші жарты-жылдығында стационарлық көздер 8,2 мың тонна ластағыш заттарды шығарды, бұл өткен жылдың осы мерзіміндегі зиянды қалдықтардың шығуынан 0,8 мың тоннаға артық.

2 таблица

1991-1997 жылдардағы Алматы қаласы атмосферасы зиянды қалдықтары шығуының қарқыны

Көздер	! 1991 !	1992 !	1993 !	1994 !	1995 !	1996 !	1997 !	1п/г
	!	!	!	!	!	!	!	! 1998

Барлығы

Алматы қ. үшін 181,4 181,2 180,5 175,2 172,8 177,0 184,5

Стационарлық

көздерден	37,2	32,2	31,5	26,8	19,2	18,0	16,3	8,2
Жылжымалы								
көздерден								
(автомобиль)	144,2	149,2	149,0	148,4	153,6	159,0	168,2	н/д
Жылжымалы								
көздердің үлесі								
(автокөлік)	79,5	82,3	82,5	84,7	88,9	89,8	91,2	

Стационарлық көздердің, қала атмосферасын ластайтындардың арасында "ТЭЦ-1" АПК, 200-ге жуық қазандық өнеркәсіптік және коммуналдық маңыздағы мекемелер, "Алматыжылукоммунэнерго" АҚ, АПК, ҚЖЖ және басқалар ерекше көзге түсуде. 1997 жылы қаланың барлық стационарлық көздерінен зиянды қалдықтардың шығуы олардың 46,5 пайызын және жалпы қалалық үлесті" 4,5 пайызын құрады.

3 таблица

Алматының атмосферасына зиянды қалдық шығаратын

негізгі стационарлық көздердің өлшемі

! Кәсіпорынның аталуы	!1993	!1994	!1995	!1996	!1997	!Қалдықтардағы		
!	!	!	!	!	!	!үлес % (1997)		
!	!	!	!	!	!	!-----		
!	!	!	!	!	!	!Стацио-!ортақ		
!	!	!	!	!	!	!нарлық !көлемде		
!	!	!	!	!	!	!көздер !		
1 !	2	! 3	! 4	! 5	! 6	! 7	! 8	! 9
1 "ТЭЦ-1" АПК		14,871	10,175	7,588	4,1			
		14,361	9,863	46,5				
2 АПК ҚЖС		3,502	1,551	1,489	0,8			
		3,262	1,288	9,1				
3 "Алматыжылукоммун- энерго" АҚ		1,065	1,343	1,407	0,8			
		1,176	1,287	8,6				
4 Локомотив депосы		0,779	0,905	0,571	0,3			
		1,039	0,711	3,5				

5 "Құрылыс материалы" АҚ	0,924	0,500	0,408	0,2
	0,737	0,418	2,5	
6 "Алматы әуежайы" АҚ	0,486	0,301	0,334	0,2
	0,305	0,318	2,0	
7 ВЧД 7 депо жолаушылар вагоны	0,207	0,250	0,162	0,1
	0,201	0,326	1,0	
Барлығы	21,836	15,026	11,959	6,6
	21,083	14,215	73,4	

Қаланың көптеген ірі кәсіпорындарында өндіріс тоқтады немесе іркіліспен жұмыс істейді. Сонымен қатар өнеркәсіп аймағында ғана емес, қаланың бүкіл аумағында көптеген сан-салалы шағын кәсіпорындар пайда болды, олардың зиянды қалдықтар шығару деңгейі үлкен кәсіпорындардан кем емес, сөйтіп атмосфералық ауаның ластану деңгейін төмендетуде.

Алматының ерекше табиғи-климаттық жағдайы қала электр көлігін, әсіресе, қаланың негізгі жолдары мен табиғи маңызы бар нысандарына баратындарын дамыту қажет.

Метроны пайдалану беру және қала көлігінде трамвай мен троллейбустың үлесін көбейту, отынмен жүретін көлікті пайдалануды және тиісінше зиянды қалдықтың шығуын азайтуға тиіс.

Электр көлігінің энергия тұтынуын және аймақтағы энергия тапшылығын ескере отырып, энергия үнемдейтін және энергия орналасатын технологияны енгізу қажет.

Атмосфералық ауаның ластануы су мен топырақты айтарлықтай нашарлататын бірден-бір факторлар. Ағынды канализацияның жоқтығынан, өзендер тазартылмаған сумен ластануда.

Әуе бассейнінің жағдайына қала аумағын маңызды рөлі болып табылатын және санитарлық-гигиеналық, ауа қорғау міндетін атқаратын жасыл желек үлкен ықпал етеді (ауаның оттегімен толығуы, оның зиянды қалдықтардан тазаруы, температура режимі мен ауа ылғалдылығының ықпалдығы және т.б.).

Қазіргі уақытта Алматы қаласы көгалдандыру бойынша барлық нормативтік көрсеткіштердің орындалмауымен көзге түсіп отыр. Жалпы пайдаланылатын жасыл желек қала аумағының 3 пайызын құрайды, бір тұрғынға 6,9 ш.м. келеді (бірінші кезекте нормативтің 57 пайызы және есепті мерзімде нормативтің 28 пайызы).

Көптеген бақтар, саябақтар, көше бойындағы ағаштар нашар күйде және көгалдандырудың бірыңғай жүйесімен үйлестірілмеген. Жапырақты ағаштардың негізгі бөлігі ескірген және қолайсыз ауа-райында адамдардың денсаулығы мен

өміріне елеулі қауіп төндіреді. Соңғы жылдары көгалдандыру барысы ағашты кесу деңгейінен едәуір қалып отыр, бұл әсіресе, ағаштар 20-30-шы жылдарда отырғызылған көшелерге қатысты. Созымдылығы 980 км арық жүйесі, 680 км төсемді арықтарды қоса алғанда жаңартуды қажет етеді.

Жинақталған тәжірибе қала экологиялық мәселесінің "Қазақстан-2030" даму Стратегиясында қойылған тиісті міндеттегі жаңа экономикалық қатынастарға құрылуға және өнімділігі жоғары, экологиялық қауіпсіз технологияны, өндірісті, қондырғы мен тауар өндірісін енгізуді ынталандыруға бағытталған нормативтік-құқықтық базаны қайта қарау арқылы қол жеткізілуге тиіс. ТАЖД бағдарламасының негізгі принциптері - экономикалық ынталандыруды дамытуға т и і с .

Алматы озық инженерлік-техникалық қызметкерлері, экологтары, маркетингтері, экономистері, ғылыми лабораториялары, сертификаттық орталығы, озық конверсиялық қондырғысы, республика бойынша дамыған инвестициялық, инновациялық, ақпараттық және білім инфрақұрылымы бола отыра, елде қаланы көгалдандыру жүйесін алғашқы болып шешуге қабілетті.

Қаланың еркін кәсіпкерлік мәртебесі ынталандырушы салықпен, энергия өнемдегіш тауарларды, технологияны енгізумен, Қазақстан бекіткен энергия тиімділігі Еуропа Хартиясы мен энергия өнемдеу туралы заңда қарастырылған энергия көздерін пайдалану мен нығайтуға тиіс.

Сонымен қатар Бағдарлама қала аумағын экологиялық аудандастыру мен экологиялық жол берілген жүктеме көлемін ескере отырып, нақты қала құрылысы саясатын жүргізуді қарастырады. Сол үшін Алматыға құрылыс салу мен жоспарлаудың тиісті тәртіптерін әзірлеу қарастырылуда.

Бағдарламаны іске асыру экологиялық мәселелерді шешу басымдығын анықтайтын тұрақты даму үшін қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-әрекеттің ұлттық жоспары жобаларымен бірге жүргізілуге тиіс.

Бағдарлама 1999-2015 жылдарға арналған. 1999-2001 жылдың I-тоқсаны қорытындысы бойынша ТАЖД шараларының тиімділігіне кешенді талдау жү р г і з і л д і .

Әрине, осы кезеңде қаланың экологиялық ахуалы түбегейлі жақсарған жоқ. Алайда, кейбір көрсеткіштер бойынша оң үрдіс байқалды. 2000 жылы 1999 жылмен салыстырғанда қаланың бір тұрғынына шаққандағы зиянды қалдық 0,194 т/адамнан 0,152 т/адамға, жалпы өнімнің бірлігінде 0,864-тен 0,959 кг/теңгеге азайды. Табиғи су көздеріндегі су қоршауының жалпы көлемі 36,33 млн. текше метрге, суды пайдалану 42,23 млн. текше метрге, ал су өткізу 21,7 млн. текше метрге азайды. Қала полигонында орналасатын қатты тұрмыстық қалдық с а н ы а з а й д ы .

Бағдарламаның кейбір басқа бағыттары бойынша да ілгерілеушілік бар.

Алайда, жалпы межелеген шараларды жүзеге асыру жеткіліксіз ілгеріледі, ал көптеген шаралар бойынша ешбір алға басушылық болған жоқ. Талдау көрсеткеніндей, Бағдарламаның қолданылу мерзімінде жоспарланған 62 шараның 35-і, яғни 56 пайызы орындалды.

Мұндай жағдай бірнеше себеппен, оның ішінде ТАЖД бағдарламасы кейбір ережелерінің өзгерген шаруашылық-экологиялық ахуалға, сондай-ақ жана нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес келмеуімен түсіндіріледі. Атап айтқанда, көрсетілген мерзімде төмендегі заңдар мен Үкімет қаулылары қабылданды.

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 маусымдағы "Қоршаған орта гигиенасы жөніндегі іс-әрекеттің Ұлттық жоспарын бекіту туралы" Қаулысы ;

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 маусымдағы "Қазақстан Республикасында бағдарламалар әзірлеу Тәртібін бекіту туралы" Қаулысы ;

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы "2000-2002 жылдарға арналған Үкіметтің іс-әрекет Бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар Жоспарын бекіту туралы" N 367 Қаулысы;

4. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы (Мәслихаттар мен әкімияттардың құзыреті);

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 шілдедегі "Аймақтық қаржы орталығы ретіндегі Алматы қаласын дамыту тұжырымдамасы туралы" N 1014 Қаулысы .

Осы құжат талаптарын және өзгерген ахуалды ескере отыра, Алматы қалалық Мәслихаты 2001 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен Алматы қаласының әкімияты мен Алматы қалалық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасына Бағдарламаға түзету енгізу жөнінде ұсыныс жасады. Осы нұсқа енгізілген түзетудің нәтижесі болып табылады.

ТАЖД бағдарламасының құрылымы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 маусымдағы "Қазақстан Республикасында бағдарламалар әзірлеу Тәртібін бекіту туралы" Қаулысының талаптарына сәйкестікке келтірілді. Бағдарламадан бұрын орындалған шаралар шығарылды, сонымен қатар олар ағымдық сәттегі жаңа өзекті талаптармен толықтырылды. Атап айтқанда 2002-2003 жылдардағы іс-әрекет жоспары жан-жақты пысықталды.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеті

ТАЖД бағдарламасының басты мақсаты - Алматының қоршаған ортасы мен экологиясының тазаруын жақсарту, табиғи кешендердің тозуына жол бермеу

және қалпына келтіру, халықтың денсаулығын нығайту, үйлестірілген экологиялық және әлеуметтік-экономикалық қажеттілікті қамсыздандыру.

Елеулі ықпал ететін факторларды жүйелі талдау негізінде қойылған

мақсатқа жету үшін мына міндеттер анықталды:

- қала әуе бассейніне зиянды қалдықтың шығуын қысқарту;
- су ресурстарын сақтау мен ластанудан қорғау, су өнемдеу, ауыз суының сапасын жақсарту, шағын өзендерді сақтау бойынша шараларды күшейту;
- экологиялық шиеленісті әлсіретуге бағытталған Алматының инфрақұрылымы мен көгалдандырылуын жетілдіру және жер ресурстарын тиімді пайдалану;
- табиғат ахуалын жақсарту, жасыл желек көлемін өсіру;
- денсаулықты жан-жақты қорғау және халық өмірінің жайлылығын көтеру.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және жүзеге асыру механизмі (түзетулерді ескере отырып)

2002-2015 жж. арналған ТАЖД бағдарламасын іске асыру шараларының түзетілген жоспары ХХІ ғасырдың ауқымды талаптарына сай келетін 7 бөлімнен тұрады. Негізінен бұл шаралар алғашқы кезектегі маңызы бар және жедел сипатта.

I. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ

Бұл бөлімге автокөлік, жылу энергетикасы, өнеркәсіп кәсіпорындары бойынша шаралар енгізілді.

Автокөлік

Автокөлік құралдарының қала табиғи ортасына зиянды қалдықты шығаруды төмендетудің ұсынылған шаралары халық арасында экологиялық білімді насихаттауға, автокөлікке қызмет көрсету саласын дамытуға, жол қозғалысы жағдайын жақсартуға, экологиялық таза көлік санын арттыруға, сертификацияланған автототр отынын пайдалануға негізделген.

Ш а р а л а р :

- Алматының әуе бассейнін көліктің ластау себептерін талдауды жүргізуді және қоршаған ортаға автокөліктің жағымсыз ықпалын төмендету шараларын ә з і р л е у д і ;

- сертификацияланған арнайы техникалық қызмет станциялары желісін құру және бақылау-реттеу нүктелерінің желісін кеңейту есебінен көлік құралдарының техникалық күйін жақсарту үшін жағдай жасауды;

- сапасы жоғары автотранспорт отынын пайдалануды;

- автокөлік құралдарын кезеңмен улы газдардағы зиянды қалдықтар көлемін төмендететін тиімді құралдармен жабдықтауды;

- газ тәріздес отынды пайдалануға көлікті көшіру үшін жағдай жасауды;

- көлік қозғалысын басқаруды оңтайландыруды қарастырады, атап айтқанда:

- "Қала" АСБ, көлік түйістері құрылысын жетілдіру, көлік-мініп-түсіру тораптары желісін жетілдіру;

- автомобильдерді сақтау мен қою үшін ғимараттар желісін дамыту (п а р к и н г т е р с а л у) ;

- жолаушылар көлігінде электр көлігінің үлесін көбейту.

Жылу энергетикасы

Алматы әуе бассейнінің ластануына байланысты қаланың негізгі экологиялық мәселелерінің бірі жылу көздерінен шығатын қалдықтар болып табылады. Олардың көпшілігінің тозығы жеткен.

Қаланың жылу энергетика кешеніндегі экологиялық шиеленісті төмендету табиғи газ сияқты экологиялық таза отынды пайдаланғанда ғана мүмкін. Осыған байланысты ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты XV-сессиясының шешімімен ТАЖД бағдарламасының 2.4 және 2.5 тармақтарын орындау 2005 жылға дейін шегерілді, таяу уақыттағы Бағдарламаның негізгі міндеті қазандық агрегаттарын қайта жабдықтау болып табылады. ТАЖД бағдарламасы мынадай бірінші кезектегі шараларды қарастырады:

- ТЭЦ-1 қазандық агрегаттарына жаңа эмульгаторлар қоюды;

- ТЭЦ-1-дегі ескірген қазандық агрегаттарын ауыстыруды;

- әртүрлі бағыныстағы қазандықтарды экологиялық талаптарға сай жаңа қондырғылармен жабдықтауды;

- тау бөктері аймағы қазандықтарын электрмен жылытуға көшіруді.

Сонымен қатар отынның әр түрімен жұмыс істейтін қазандық агрегаттары мен қазандықтарды қалдықтардан нормативті тазалануын қамтамасыз ететін тазалау қондырғыларын қолдануға баса назар аударылды.

Өнеркәсіп кәсіпорындары

ТАЖД бағдарламасында кәсіпорындар мен ұйымдардың табиғат қорғау заңнамасын сақтауы жөнінде шаралар қарастырылды.

Ерекше қауіпті заттарды пайдалану кезінде экологиялық шиеленісті төмендету мәселесіне баса назар аударылды. Халықаралық стандарттарға сәйкес ISO 14000 EMAS 9000 сериялы қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін енгізу - меншіктің әртүрлі нысанындағы өнеркәсіп кәсіпорындарының

алдында тұрған маңызды міндеттерді бірі.

II. ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҰҚСАТУ

Қазіргі уақытта қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) тасылымын ұйымдастырудағы жағдай ұшыға түсті. ҚТҚ басқару саласындағы негізгі мәселелер мыналар:

- қатты қалдықтармен жұмыс істеу бойынша заң мен өзге нормативтік-құқықтық актілердің жоқтығы. ҚТҚ-ның пайда болу және дәрежелік нормасы белгіленбеген;

- қайталама шикізат компоненттері бойынша ҚТҚ-ны жеке жинау жүйесінің жоқтығы;

- қалдықтарды ұқсату бойынша инфрақұрылым мен өндірістік қуаттың әлсіз дамуы;

- қауіпті, улы өндіріс қалдықтарын ұқсату мен көму жөніндегі полигонның жоқтығы;

- Қарасай ауданында бұрыннан бар ҚТҚ полигонын жаңалау қажеттігі;

- бұрынғы ретсіз ҚТҚ үйінділері бұзған жерді тыңайту қажеттігі.

ТАЖД бағдарламасы мына шараларды қарастырады:

- қажетті нормативті құжаттаманы әзірлеу;

- қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың жаңа жүйесін енгізу;

- өнеркәсіптік улы қалдықтарды ұқсату мен көму жөніндегі полигон салу мәселесін шешу арқылы улы қалдықты басқару жүйесін ұйымдастыру;

- т о з ғ а н ж е р д і т ы ң а й т у ;

- қайталама шикізатты ұқсату жөніндегі өндірісті кеңейту.

III. АУЫЗ СУ РЕСУРСТАРЫН САҚТАУ ЖӘНЕ СУ ҮНЕМДЕУ

"Алматыдағы су пайдалануды экологияландыру" жобасы шегінде химиялық, биологиялық, микробиологиялық көрсеткіш бойынша қала су нысандарын

экологиялық ахуалына тексеріс жүргізілді. Оның қоршаған ықпалы шекарасында Алматы су ресурстарының сапасына кешенді баға берілді, қар-мұз суы сапасының нашарлағандығы атап көрсетілді.

Шағын өзендер суының ластануы өнеркәсіп кәсіпорындары, ұйымдар мен мекемелер, өзендердің су қорғау аймақтарында орналасқан елді-мекендерден жіберілетін ағынды су ықпалынан болады. Қаланың санитарлық тазалау нысандары жер асты және жер үсті суын ластау көзі болып отыр.

Бұл бөлім мынадай қосалқы бөлімшеден тұрады:

- жер үсті суын қорғау;
- жер асты суын қорғау;
- су үнемдеу.

Бағдарламада қала су ресурстарының экологиялық ахуалын тұрақтандыруға мүмкіндік беретін шаралар қарастырылған. Осыған байланысты Алматының шағын

өзендерін қорғау қалпына келтіру және сауықтыру бойынша шаралар күшейту қажет.

Негізгі бағыттары мыналар:

- Алматыда шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларын каналдандыруды жүргізу;

- бұрыннан сумен жабдықтау және су өткізу желілерін жаңарту;
- шағын өзендердің су қорғау аймағын құру (табиғат қорғау аумағынан кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді әкету, арналарды тазалау және қалпына келтіру және т.б.);
- сел мен сырғымадан қорғауды күшейту.

IV. ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ

Экологиялық қала құрылысының теңдігін сақтау қаланы дамытудың өзекті мәселесі болып отыр. Бұл мәселені қала құрылысы саясатын белсенді "экологияландыру" арқылы ғана шешуге болады.

Осыған байланысты мына шаралар қарастырылды:

- Алматы қаласы қоршаған ортасының аумақтық кешенді схемасын әзірлеу;
- қаланың орталығын экологиялық әдістерді пайдалана отырып қалыптастыру бағдарламасын әзірлеу (аула, орам, көше және т.б.);

- Алматы қаласының аумағындағы жүйелі арық желісі мен жасыл желекті с у а р у ж ү й е с і н к ұ р у ;
- экологиялық туризмді дамыту үшін жағдай жасау.

КӨГАЛДАНДЫРУ

Алматыда қалалықтардың өмір жағдайының жайлылығы көп жағдайда қаланың жасыл желегіне антропогендік жүктеменің түсуіне байланысты.

ТАЖД бағдарламасы жасыл желектерді қалпына келтірудің, жаңалау мен сақтаудың, қала келбетін бақ-қала ретінде қалыптастырудың жүйелі ұстанымын әзірлеуді қарастырады.

ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР

ТАЖД бағдарламасы ерекше қорғалатын табиғи аумақтағы өсімдік және хайуанаттар әлемі нысандарын қорғау мен қалпына келтіру бойынша табиғи-ғылыми негіздемені жүргізуді қарастырады.

Ал осы шараларды жүзеге асыру мына міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- аймақтың флорасы мен фаунасының биологиялық әртекстілігін сақтауды қамсыздандыру;
- рекреациялық аймақтардың инфрақұрылымын дамытуды қамсыздандыру.

V. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҢНТАЛАНДЫРУ

Экономикалық ынталандыру жүйесі табиғатты пайдалануға экологиялық-экономикалық көзқарастарды жетілдіруге бағытталған.

Осы бөлімнің басым шаралары мыналар:

- бүгінгі технологияның ақпараттық базасын дамыта отыра, экологиялық таза технология орталығын құру;
- экологиялық кәсіпкерлікті экономикалық қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

VI. МОНИТОРИНГТЕР, КАДАСТРЛАР

Адам мен қоршаған ортаның өзара байланыс мәселесін шешу үшін қала қоршаған ортасы мониторингінің жүйесін жетілдіруге негізгі шаралар

бағытталған.

Бағдарлама мыналарды қарастырады:

- Алматының қоршаған ортасының жағдайын зерттеу мен бағалау бойынша ғылыми-практикалық шараларды жүргізу;
- қоршаған ортаның орта сапасын бақылауды техникалық қамсыздандыру;
- Алматы қаласында экологиялық мониторингтің бірыңғай жүйесін (ЭМБЖ) жүзеге асыру.

Осы ЭМБЖ екі деңгейде құрылады (нысандық және жергілікті) және мынаны

қамтиды:

- Қоршаған орта жағдайы туралы бастапқы ақпарат жинау.
- Талдау зертханалары.
- Барлық деңгейде ЭМБЖ ақпаратын автоматты өңдеудің ақпараттық-талдау орталығы.
- Экологиялық ақпаратты қорыту.
- Экологиялық ахуалды дамытуды болжау.
- Шешім қабылдау үшін ұсыныс әзірлеу.

VII. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ МЕН БІЛІМ

Осы салада ТАЖД бағдарламасында қарастырылған шаралар мектепке дейінгі жастан бастап халықтың барлық жіктеріне үздіксіз экологиялық білімді қамтамасыз етеді. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы эколог-мамандардың кәсіби біліктілігін көтеру мен мамандарды қайта даярлау бірінші кезектегі міндет болып табылады.

Экологиялық білімді әдістемелік және ақпараттық-талдаулық қамсыздандыру, қала халқының экологиялық дүниетанымын қалыптастыру үшін ақпарат желісін кеңейту маңызды міндет болып табылады.

Бағдарламаны жүзеге асыру механизмі

Бағдарламаны жүзеге асыруға тұрақты бақылауды Алматы әкімияты мен АҚАҚОҚБ жүргізеді. Олар белгіленген тәртіппен тиісті мерзімде бағдарлама шараларын орындалуы туралы есеп береді. Есеп беру және талдау материалдарын Алматы қаласы әкімі орынбасарларының бірі басқаратын Бағдарламаның үйлестіруші кеңесі қорытады. Кеңес отырысы қажеттілік бойынша тоқсанынан кемінде бір рет өткізіледі. Үйлестіру кеңесі Бағдарлама шараларының орындалуына тікелей жауап беретін кәсіпорын, ұйым және мекеме

басшыларының есебін тыңдай алады; мақсаттық нұсқаулар, ұсыныстар әзірленеді.

Әрбір жарты жылдың қорытындысы бойынша Бағдарлама үйлестірушілері Алматы қаласының әкімияты мен Алматы қаласының Мәслихатына шаралар жоспарының іске асу барысы туралы хабарлайды. Жыл сайын орындалған шаралар тиімділігінің экологиялық-экономикалық бағалануы жүргізіледі.

Әрбір екі жылдан кейін Бағдарламаны іске асыру барысына кешенді талдау жүргізіледі, қалалық Мәслихаттың бекітуіне түзету жөнінде ұсыныстар әзірленіп енгізіледі.

6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Бағдарламалық шараларды жүргізу республикалық, қалалық бюджеттерді, экологиялық қорларды, кредиттерді, шет елдік және отандық инвестицияларды, кәсіпорындар қаражатын қоса алғанда әртүрлі қаржыландыру көздерінің едәуір қаражатын талап етеді.

Бағдарламада қойылған міндеттерді шешу қаржы, адам және техника ресурстарын үйлестіргенде ғана ықтимал. Алматы қаласы білікті инженерлік-техникалық қызметшілерге, экологтарға, экономистерге, ғылыми зертханаларға, сертификациялық орталықтарға дамыған инновациялық,

инвестициялық, ақпараттық және білім құрылымына, озық конверсия қондырғыларына ие бола отыра, Қазақстан Республикасында бірінші болып үлкен қала жүйесінің экологиялық ахуалын сауықтыру міндетін шешуге қабілетті.

ТАЖД бағдарламасын қаржыландырудың жалпы көлемі 2002-2003 жылдың мерзімінде шамамен 49270,4 теңгені құрайды, оның ішінде көздер бойынша:

республикалық бюджет	-	1309,3
қалалық бюджет	-	5844,2
инвестициялық қаражат	-	40769,2
кәсіпорындардың жеке қаражаты мен өзге бюджеттен тыс қаражат	-	1347,7

7. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтиже

ТАЖД бағдарламасында қарастырылған шаралар кешенін жүзеге асыру Алматы қаласының қоршаған ортасын сауықтыру мен оның халқының

денсаулығын сақтауды алға жылжытуда жаңа серпін береді.

Экологиялық шиеленісті азайтуға негізгі мұрындық болатын шара ең алдымен, автомобиль көлігінен шығатын зиянды қалдықты азайту есебінен атмосфералық ауаның қорғау жөніндегі шараларды бірінші кезекте жүзеге асыру маңызды болмақ. Бұл - қала экологиясының басты мәселесі, Бағдарламада автокөлік жөніндегі шаралардың ең іргелі тарауы болуы да сондықтан.

"Алматы қаласының қалалық әуе бассейнін көліктің ластауы" ТАСИС бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатын жоба ерекше құнды. Жоба нәтижесі ахуалды бағалаумен қатар қаланың ауасына автокөліктің жағымсыз ықпалын төмендету жөніндегі алдағы практикалық жұмыстың ұсынылған бағыттарымен

д е ұ т ы м д ы б о л ы п о т ы р .

Автомобильдердің техникалық күйін жақсарту жөніндегі бағдарламалық шараны іске асыру қолданымдағы экологиялық стандарттардың сақталуына бақылауды күшейту улы заттың жалпы көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Автомобиль отынының сапасын жақсартуға, автомобильдерді газға көшіруге, электр көлігін дамытуға, тазартқышты, катализаторды енгізуге және улы газдар мен заттарды төмендетудің өзге шараларына бағытталған шаралар қызмет етеді. Осы жұмыстың бәріне ғылыми және жүйелі сипат беру Бағдарламада құру көзделген көліктегі қоршаған ортаны қорғау, технологиялық құралдарды сынау әдістері жөніндегі зерттеу орталығына үлкен демеу болар еді.

Көлік ағындарын басқаруды оңтайландыру, жаңа көлік түйістерін салу және жол жамылғыларын жаңарту жөніндегі шаралардың да экологиялық маңызы зор. Көрсетілген шаралардың практикалық нәтижесінен қала жолдарындағы автомобиль тығындарын жоюға және зиянды қалдықтарды азайтуға мүмкіндік

б е р е д і .

Жылу энергетикасында қаланың негізгі энергия көздерін газға көшіру әуе бассейнін тазартудағы басты қадам болмақ. Алайда бұл мәселені шешу объективті себептер бойынша 2005 жылдарға шегерілді. Сондықтан жақын жылдары энергетикадағы экологиялық мәселелерді бірінші кезекте АПК жылу электр станцияларын техникалық жабдықтау, тау бөктері аймағындағы қазандықтарды электр қазандықтарына біртіндеп көшіру, ескірген қазандық қондырғысын айырбастау, жылу көздерін отынның экологиялық таза түрлеріне

к ө ш і р у а р қ ы л ы а л у ғ а б о л а д ы .

"Өнеркәсіп кәсіпорындары" кіші бөлімшесінде қаланған шараларды орындау бірқатар өндіріс технологиясында қолданылатын әртүрлі улы заттарды сақтау мен пайдаланудың сенімділігін көтеруді, төтенше жағдайда ауыр экологиялық салдарды ауыздықтауды қарастырады. Шекті жол берілетін нормативтік қалдықтарға қол жеткізу қала кәсіпорындарының зиянды қалдықтар шығаруын төмендету жөніндегі шараларында көрсетілген.

Алматы қаласы үшін қалдықтарды ұқсату мәселесі өткір болып отыр. Бұл бөлімнің шаралары ең алдымен қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың, әкету мен ұқсатудың барынша жетілген жүйесін ұйымдастыруға бағытталған, олар қала аумағындағы санитарлық тазалықты жақсартуға мүмкіндік береді. Улы өнеркәсіп қалдықтарын ұқсату мен көму мәселесін шешу топырақтың ластануын азайтады және жер асты суының ластануын төмендетеді. Қайталама шикізатты ұқсату саласындағы экологиялық кәсіпкерлікті, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, ҚТҚ полигондарындағы жүктемені азайтады. Ең салмақты нақты нәтижелер өндіріс қалдықтарын жинау мен әкету және өндірісінің кешенді бағдарламасын ("Алматы қаласының қатты қалдықтарын басқару" жобасы) жүзеге асырудан алынуға тиіс.

ТАЖД бағдарламасының Алматының шағын өзендерін қорғау жөніндегі шараларын жүзеге асыру жер үсті суының сапасын сақтау, сел және сырғыма құбылыстарының қауіпті салдарын төмендетуге мүмкіндік береді.

Қала ағынды су арналарын өткізу жүйесін тазалау, ғимараттарын ауыстыру жер асты суының ластануын қысқартады. Су өнемдеу технологиясын енгізу және шаруашылық-тұрмыстық және өнеркәсіп ағындарын толық тазалау су нысандарындағы экологиялық ахуалды тұрақтандырады. Қала су құбыры жүйесінің сенімділігін дамыту мен көтеру жөніндегі межеленген шаралар шағын қабатты құрылыстың бірқатар аудандары мен жаңа қала құрылысын игеруге, су сапасына оң ықпал етеді.

"Қала құрылысы" бөліміндегі шаралар топтамасы ең алдымен, халық өмірінің жайлылығын көтеруге, экологиялық таза демалыс аймағын кеңейтуге және жасыл желек егу көлемін арттыруға бағытталған. Алматының бақ-қала ретінде келбетін қалпына келтіру басты міндет. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру мен дамыту қаланың ландшафтық және биологиялық әр тектілігін дамытуға мүмкіндік береді. Ағынды канализацияның әзірленген схемасын жүзеге асыру селитебтік аумақтан, өнеркәсіп аймағы мен автожолдардан жер үсті ағындарын жиналуын қамтамасыз етеді.

Алматы қаласының тиімді мониторинг жүйесін құру басқару органдарына қоршаған ортаның күйін бақылау саласында бірыңғай қала саясатын жүргізуге, материалдарды талдауға және қала табиғи ортасының сапасын болжауға мүмкіндік береді.

Тұрақты экологиялық білім беруді жүргізу Алматы қаласының экологиялық қауіпсіздігін қамсыздандыру жөніндегі шаралар тиімділігін көтереді.

1999-2015 жылдарға арналған "Таза ауа - жанға дауа"

Алматы қаласының экологиялық ахуалын сауықтырудың

кешенді бағдарламасы шараларының жоспары

! Шаралардың !Орындаушы!Орын-!Меже-!Қаржылан-! Күтілетін !Бақылаушы
р/с! аталуы ! !дау !лен- !дыру көзі! нәтиже !орган
! ! !мерзі!ген ! ! !
! ! !мі !баға ! ! !
! ! ! !млн. ! ! !
! ! ! !теңге! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8

I. Атмосфералық ауаны қорғау

АВТОКӨЛІК

1.1."Автокөлік Мүдделі 2002- 16,6 Инвести- Автокөліктен Алматы
құралдарының қызметтер, 2015 млн.\$ циялар, шығатын әкіматы,
қоршаған ұйымдар, қала зиянды АҚАҚОҚБ
орта мен кәсіп- бюджеті, қалдықтарды
Алматы орындар, кәсіпо- төмендету
қаласы шетел рындар бойынша
халқының компани- қаражаты шаралар
денсаулығына ялары жүргізу
жағымсыз
ықпалын
төмендету"
жоспарын
іске асыру,
оның ішінде*

1.1.1."Алматының DHV 2001- 1,0 ТАСИС Әуе АҚАҚОҚБ
әуе Consul- 2002 млн. Инвести- бассейнін
бассейнін tants ЕВРО циялар ластауға
көліктің (Нидер- оның бағдар- автокөлік
ластауы" ланды) ішінде: ламасы ықпалын
ТАСИС бойынша бағалау;
бағдарламасы Еуропалық қалыптасқан
бойынша Одақтың ахуалды
жоба әзірлеу "Қазги- инвести- қалыптастыру
- Алматы дромет" 2002 115 циялары бойынша
атмосфера- РМК* мың ұсыныс

- сында ғарыш ЕВРО даярлау
мониторинг зерттеу
жүргізу институты
- Көлік "НИИТ" 2001- 30
құралдарының ЖАҚ * 2002 мың
күйін ЕВРО
зерттеу
- Көлік "НИИТ" 2001 5
ағынының ЖАҚ * мың
тығыздығын ЕВРО
зерттеу
- Отын сапасын "НИИТ" 2002 40 мың
зерттеу ЖАҚ * ЕВРО
- Халықтың "Рахат" 2001- 15 мың
хабардар ТВ * 2002 ЕВРО
болуын
көтеру
- Қоғамдық BILE- 2001 4,5
пікірді SIM- мың
зерттеу INTER- ЕВРО
NATIO-
NAL*

1.2 Мемлекеттік

экологиялық
стандарттарға
сәйкес
көрсеткіштерге
дейін бар
автокөліктің
техникалық
күйін
жақсарту

- 1.2.1. Автокөлік "Ұлттық 2002- 0,8 Қала Табиғатты АҚАҚОҚБ
** құралдарына ЦЭЖС" 2003 бюджеті қорғау
техникалық ЖАҚ бойынша
қызмет Алматы мемлекеттік
көрсету мен филиалы, стандарттар

жөндеу, "НИИТ" және
диагностика ЖАҚ пайдалану
бойынша бойынша
қызметтерді ТБ-ға
сертификаци- сәйкестіке
ялау автокөліктің
механизмін отын
әзірлеу аппаратурасының

күйін
келтіру
(атмосфераға
қалдық
шығару
нормасы)
Атмосфералық ҚІБ ЖПБ
ауаға АҚАҚОҚБ

1.2.2.ГОСТ-қа

** сәйкес автокөліктен
автокөліктен шығатын
шыққан газдың қалдыққа
улылық бақылауды
нормасына күшейту

бақылауды
күшейту,
сол үшін:*

- жылжымалы Конкурс 2003- 20,0 Қала
лабораторияны 2004 бюджеті
жабдықтау

- мына "Алматы- 2002- 3,0 Қала
бағыттардағы экоқұры- 2003 бюджеті
магистральдар- лыс" МКК

ды БРН-мен ҚІБ
бұрынғы ЖПБ
балаларға
қосымша

экологиялық
"сүзгілерді"
ұйымдастыру:

- Қаскелең-Алматы,
Яссауи;

- Талғар-Алматы

(Құлжа тас

жолы мен ҰАҚ

қиылысы);

- Қарағанды-Алматы

(Бірінші Мамыр

мұнай базасы)

1.2.3.Автокөлік Автокәсіп- "БРН 180,0 Кәсіп- Улылық Көлік
кәсіпорындар орын және туралы орын нормасына және
мен тұрақ тәртіп" қаражаты ықтимал коммуни-
стационарлық иелері бекітілг. бақылауды қация
автотұрақтарда кейін көбейту департа-
БРН менті
ұйымдастыру
("БРН туралы
тәртіпке"
сәйкес)*

1.2.4.Бағытқа Қалалық Тұрақты - Кәсіп- Қала автобус
шығарда жолаушы- орын паркінің
жолаушы лар қаражаты техникалық
автокөлігінің бағытына күйі мен
техникалық қызмет экологиялық
күйіне көрсете- сипаттамасын
өндірістік тін заңды жақсарту
бақылауды және жеке
күшейту тұлғалар

1.3.Сапалы отынды

пайдалану:

"Ұлттық

Автомобиль Көлік

1.3.1."Мұнай ЦЭЖС" ЖАҚ 2002- отынының және
** өнімдерін Алматы 2003 сапасын коммуни-
әкелуге, филиалы жақсарту қация
сақтау мен Конкурс департа-
өткізуге менті
бақылауды АҚАҚОҚБ,
ұйымдастыру Қал.СЭБ
туралы"
Ережеге

сәйкес отын
сапасына
бақылау
жүйесін
жетілдіру

1.3.2.Газ Конкурс 2002- 1,6 Қала Газ тәріздес -"-
** тәріздес отынды 2003 бюджеті отынды
автокөлікте о.і. автокөлікте
пайдалануға 2002 0,6 қолдану үшін
даярлық жағдай жасау
мақсатында
газ құю
станцияларын
орналастыру
схемасын
әзірлеу *

